

Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігі

Заңды тұлғаның мемлекеттік
қайта тіркеуі жүргізілді

2021 ж. «11» 01

Тіркеу нөмірі 100-1904-13АМ

БСН 97044 000 1324

Алғашқы тіркелген күні

1997 09 04

Ақтөбе облысы әкімдігінің

2020 жылғы «30» желтоқсан

№ 490 қаулысымен бекітілді

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің «№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру функцияларын іске асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес, коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік коммуналдық мекеменің түрі: жалпы орта білім беретін мектеп.

3. «№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1961 жылы құрылған.

4. «№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы «Ақтөбе облысының әкімдігі» болып табылады (бұдан әрі - құрылтайшы).

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі - Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 030800, Ақтөбе облысы, Шұбарқұдық ауылдық округі, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Асау Барак көшесі, 5 үй.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеме мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы субсидиарлық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті Ақтөбе облысы бойынша қазынашылық департаментінде міндетті тіркеуден өткен соң күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеменің мақсаты:

Мекеме қызметінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылыми жетістіктері негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған орта білім беру үшін қажетті жағдайлар жасау.

Мектеп-гимназия тұлғаның жан-жақты дамуына негіз бола алатын, мектеп компоненттерін қосу негізінде, оқу жоспарлары мен бағдармаларды лайықтау құқығын сақтай отырып, мемлекеттік стандарттан тыс білім беру деңгейін қамтамасыз етуі мүмкін.

14. Мекеме қызметінің мәні:

- білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау.
- тұлғаның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту; адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке бастың дамуы үшін жағдай жасау арқылы интелектін байыту.
- азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерді болдырмауға тәрбиелеу.
- республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.
- әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру
- білім беру ұйымдарының еркіндігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру және орталықтандыру.
- оқудың жаңа тәсілдерін енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.
- алуан түрлі және көп қызметті білім беру ұйымдарының тиімді дамуына жәрдемдесу.

15. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- оқушыларды бекітілген мемлекеттік және авторлық бағдарламаларға сәйкес оқыту және тәрбиелеу.

- оқушыларға интенсивті қосымша бағдарламаларды енгізу негізінде және оқу жоспарларына сәйкес гуманитарлық, математикалық бағыттар бойынша білім беру.
- оқыту-тәрбиелеу үрдістеріндегі оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналардың арасындағы шығармашылық ынтымақтастық бірлігі.
- оқушыларды аралық аттестациялаудың баға жүйесін, түрін, тәртібін және кезеңдігін ерікті түрде таңдау.
- Мектеп өзінің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптасыруға бағытталған шараларды ұйымдастырады.

4. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізілімі

16. «№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтардың мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім алу және оның тегіндік кепілдіктерімен білім алу құқықтарын жүзеге асыру негізінде құралған. Білім беру істерінің мақсаты оқушылардың жалпы ғылыми және мәдени дайындықтарын қалыптастыру, таңдаған мамандықтарының негізін қолдау, қоғамның шығармашылық қуатын дайындау, оқушының жеке тұлғасын, ар-намысын қадірлеу, оған сену, оның жеке мақсаттары мен мүдделерін қолдау. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру реттері Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес анықталады.

5. Мектепке қабылдау тәртібі

17. 2021-2022 оқу жылынан бастап, бірінші класқа жаңа оқу жылының бірінші қыркүйегіне дейін 6 (7) жасқа толған, сонымен қатар ағымдағы күнтізбелік жылда 6 жасқа толатын балалар қабылданады. Өтініштер қабылдау 1 маусым мен 30 тамыз аралығында жүргізіледі.

18. Оқушыларды мектеп-гимназияның гимназия сыныптарына қабылдау тұратын мекен-жайын ескермей, конкурстық негізде жүргізіледі, қалған сыныптарға мектепке қатысты мөлтек ауданынан қабылданады. Мектеп-гимназия, гимназия сыныптарына қабылдау комиссиясының құрамы мектеп-гимназия кеңесінің өкілдері мен аудандық білім бөлімі қызметкерлерінен (әдіскерлер), психолог, дәрігерлерден құралады.

19. Гимназия сыныбына қабылдау оқушылардың білім сапасын тексеру барысында сынақпен сарапталып қабылданылады.

20. Мектеп-гимназияға, гимназия сыныптарына оқуға тіркелу шілденің 15-нен тамыздың 15-не дейінгі уақытта жүргізіліп, сынақ тамыздың 20-25 аралығында жүргізіледі.

21. Сынақтан өткен оқушылар 25 - тамыздан 1 - қыркүйекке дейін директордың бұйрығымен қабылданады.

22. Мектеп-гимназияға қабылданатын әр оқушының ата-анасының директордың атына жазған өтініші, өзіндік іс-қағазы мен үлгерім табелі, дәрігерлік формалы қағазы болуға тиіс.

23. Мектеп-гимназияға қабылданатын оқушылардың ата-аналары мектеп-гимназия кеңесінің шешімімен қабылданған екі жақты шартқа отырады.

Мектеп-гимназияның Жарғысымен, оқу-тәрбие процесін реттейтін басқа да құжаттармен таныстырылады.

24. Мектеп-гимназияның 1-сыныбында қабылдау кезінде 6 немесе 7 жасқа толған балалар қабылдану үшін ата-ананың немесе олардың орнындағы заңды өкілдердің жазбаша өтініші, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі мен денсаулығы жөніндегі анықтама, семья жағдай туралы анықтама қағазын тапсырады.

25. 1-сынып оқушыларын жасақтауда арнаулы комиссия баланың психологиялық дайындығын, ойлау қабілеті мен сөйлеу тілін тексереді.

2-3-4 сыныптарға қабылдауда оқушының сауаттылығы, оқу жүйесі, сөйлеу қоры, математикалық есептерге шапшаңдығы тексеріледі.

5-6 сыныптарға қабылдауда сауаттылығы мен сөйлеу мәдениеті тексеріліп, математикалық білімі байқалады.

7-11 сыныптарда сынақтан өту үшін тестілік жүйемен (әр пән бойынша) өтілген сыныптардың оқу бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

26. Қабылдау тапсырмаларын пән мұғалімдерімен алдын-ала дайындалып, аудандық білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімімен бекітіледі.

27. Мектеп-гимназия кеңесінің шешімі бойынша гимназия сыныптарының бағдарламасын оқуда оқу үлгерімі төмендеп кеткен оқушылар, гимназия сыныбының бағдарламасын меңгеріп жүре алмаған жағдайда, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты оқытатын сыныпқа ауыстырылады.

28. Педагог қызметкерлер мектеп-гимназияға конкурстық негізде еңбек шарты бойынша қабылданады.

6. Оқу-жаттығу үрдісін ұйымдастыру

29. Мектеп-гимназиядағы білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Мектеп-гимназияның құрылымы:

I саты - бастауыш, мектеп-гимназияға дайындық сыныптары (бастауыш мектептің 1-4 сыныптар, нормативті мерзімі – 4 жыл) ол оқу қызметінің негізгі бөлімі мен дағдысын, теориялық ойлау элементтерін оқу іс-әрекетінде, өзін-өзі бақылау, сөйлеу мәдениеті мен тәртібін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, баланың жеке даму қабілеті мен даму деңгейін анықтауға бағытталған.

II саты - мектеп-гимназияға бағытталу (негізгі мектептің 5-9 сыныптары, нормативті оқыту мерзімі – 5 жыл) оқушының жеке басының қалыптасуын, жалпы мектептің негізгі және қосымша бағдарламаларын игеруін, өзіндік дамуын, дағдылардың қалыптасуын, өзіндік бағыт-бағдар алуын, өзін-өзі тануын және шығармашылық іс-әрекетін қамтамасыз етеді.

III саты – мектеп-гимназия (орта мектептің 10-11 сыныптары, нормативті мерзімі – 2 жыл). Ол негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеруді саралап оқытуды, мамандандыруды, зерттеу жұмыстарын жүргізуге әзірлікке бағдарлауды шығармашылық дағдыларын қалыптастыруды және өзін - өзі кәсіптік жеке тану негізінде жалпы білім беруді аяқтауды қамтамасыз етеді.

- Мектеп – гимназияға дейінгі кластарды ғылымды жүйелі түрде меңгеру үшін баланы лингвистикалық, математикалық, гуманитарлық, эстетикалық жағынан білік пен дағдыны дамыта оқытады, өнегелілігін арттырады. Бастауыш білім беруде мектеп-гимназияның негізгі бағыты есепке алынатын жолдары бар.

- Мектеп-гимназияның базалық оқу жоспарына сәйкес, оқушылардың таңдауы бойынша физика, математика, химия, биология, тарих, қазақ тілі, шетел тілі, орыс тілі пәндерін жан-жақты тереңдете оқытады.

- Оқу-тәрбие процесін гуманизациялауға тиімді жағдай туғызу үшін оқушылардың сабақтан тыс әрекеті әр түрлі үйірмелер мен клуб секция, ғылыми қоғам мен бірлестіктерде жұмыс жасалынады.

- 1-4 сыныптарда 22 оқушыдан, 5-11 сыныптардан 20-25 оқушыға дейін болады. 1-11 кластарда шетел тілінен, 5-11 кластарда еңбекке баулудан, 5-11 дене шынықтырудан, 3-11 кластарда орыс тілінен, 5-11 кластарда информатика сабақтарын өткізу кезінде кластар 2 топқа бөлінеді. Топтарға бөлу бар финанстық қорға байланысты мектеп-гимназия кеңесінің шешімімен жүзеге асады.

31. Жалпы білім беретін пәндер бойынша білімді тереңдету мақсатында оқушылардың жан-жақты қызығушылығы мен қабілетін дамыту үшін мектеп-гимназияда оқушылардың таңдаған пәндерінен арнаулы факультативтік курстар өтеді.

- Оқыту мен тәрбие оқу процесінде, кластан тыс жұмыстар барысында жүргізіледі. Оқу-тәрбие жұмысының негізгі түрі мектеп-гимназияда сабақ болып табылады. Оқыту мен тәрбие процесінде жеке және коллективтік еңбек түрлері кеңінен жүргізіледі. Лабораториялық, практикалық семинар сабақтары, бірлесе жұмыс жасау педагогикасына негізделген сабақ өткізудің жаңа түрлері мен методтары, сабақтан тыс шаралар өткізіледі.

- Сабақтың ұзақтығы 40 минут. Үзіліс ұзақтығын мектеп-гимназия кеңесі белгілейді.

2021-2022 оқу жылғы Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатында белгіленгендей 2021-2022 оқу жылынан бастап барлық сыныптар (1-11 сыныптарға) жаңартылған білім беру мазмұнына және бескүндік оқу аптасына көшірілді. Бескүндік оқу аптасы туралы шешімді мектеп әкімшілігі қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитетімен келісе отырып қабылдады.

32. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі.

Сабақта білім алу, білім дағдыларын дамыту оқу процесінің негізгі көзі. Ал білім алу үшін сабаққа күнделікті қатысып отыру керек. Мектеп-гимназия ұжымы білімді оқушы күнделікті сабаққа қатысуға тиіс деп қарайды. Мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс осы сабақ үстінде мықтап қалыптасады, білім үшін саяхат кезеңінде ұстаз бен оқушы түсіністікке енеді.

33. Мектеп-гимназия әкімшілігі мен педагогикалық ұжым сабақты босатпау жолында жұмыс жасайды. Әрине, ата – аналар өз балаларын қорғауға міндетті, егер де бала өзі ауырып қалса (дәрігерлік анықтамасын), не ойда жоқ оқыс жағдайға байланысты келіп, не телефон арқылы сынып жетекшісіне хабарлауға міндетті.

бірінші жұмыс күнінен басталады. Оқу жылы 25 мамырда аяқталады. Оқу жылының созылуы: мектеп алды даярлық сыныптарында - 32 апта, 1 кластарда - 33 апта, 2-11 кластарда 34 - апта.

47. Әр оқу жылы бойынша каникул уақыты Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген негізде беріліп отырады.

Мектеп алды және бірінші кластарда 3 тоқсанның ортасында қосымша демалыс аптасы беріледі, оның басталуы және аяқталуы мерзім жергілікті білім беру басқармасы анықтайды.

48. Мектеп-гимназия режимі төмендегідей:

1 - кезең бойынша сабақтың басталуы – 8:00

2 - кезең бойынша сабақтың басталуы – 14:00

49. Бірінші кластарда балалардың мектеп-гимназия талаптарына бейімделуін жеңілдету мақсатында оқу жүктемесі біртіндеп өсірілетін сатылы режимі енгізіледі, яғни қыркүйек айында 35 минуттық 3 сабақ, II тоқсаннан бастап 35 минуттық 4 сабақ

50. Мектеп-гимназияда кластар саны санитарлық нормалар мен жалпы білім беру істерін жүзеге асырудың талаптарына байланысты анықталады. Қажетті жағдайлар мен жабдықтар болған жағдайда кластардың өз мөлшеріндегі толымдылықпен комплектілеуге болады.

51. Мектеп-гимназиядағы тәртіп оқушылардың және педагогикалық қызметкерлердің адамгершілік абыройын құрметтеу негізінде қолдау табылады. Оқушыларға дене және психикалық қысым көрсетуге жол бермейді.

52. Педагогикалық кеңестің қаулысы негізінде аудан әкімі жанындағы кәмлетке толмағандар ісі жөніндегі шешімі бойынша құқық бұзушылық әрекеттер жасап, мектеп-гимназия Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін дөрекі және бірнеше рет бұзғаны үшін 15 жасқа толған оқушылар Қазақстан Республикасы “Білім туралы” Заңның 24 - бап, 2 - тармағына сәйкес мектеп-гимназиядан шығарылуы мүмкін. Ата-аналардың қарауынсыз қалған жетім балаларды мектеп-гимназиядан шығару қамқоршылық және қорғаншылық Кеңесінің келісімімен ғана жүзеге асырылады.

53. Міндетті негізгі жалпы білім беру талабы нақты оқушыға қолданылады және олар 17 жасқа толғанға дейін күшін жоймайды.

7. Дәрігерлік бақылау және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

54. Оқушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін емдеу-алдын-алу, бақылау, қалпына келтіру шараларын, олардың жұмыс қабілетін көтеру және қолдауды, оларға қажетті медициналық көмек көрсетуді мекеменің медбикесі жүзеге асырады.

Мектеп-гимназия азаматтардың мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім алу және оның тегіндік кепілдіктерімен білім алу құқықтарын жүзеге асыру негізінде құралған.

Білім беру істерінің мақсаты оқушылардың жалпы ғылыми және мәдени дайындықтарын қалыптастыру, таңдаған мамандықтарының негізін қолдау,

34. Сабақтан босату екі түрлі категория арқылы қаралады.

1 категория сабақты себепті жағдайда босату, а) мектепшілік, аудандық, облыстық өткізілетін кластан тыс жұмыстарға қатынасу үшін мектеп – гимназия әкімшілігінің келісіміне (жоспарлы, жоспарсыз) байланысты ә) баланың денсаулығына байланысты.

35. Мектеп - гимназия мұғаліміне баланы кластан шығарып жіберуге жол берілмейді.

36. Ата-аналар үш күнге балаларына рұқсат ала алады (үй жағдайына байланысты)

37. 2 категория сабақтан себепсіз босату .

38. Егер де сабақты 1 категория бойынша босатқан оқушы бүкіл қатыспаған пәндер бойынша өтілген тақырыпты оқып, үй тапсырмасын орындау керек. Осы категория оқушы белгілі бір пән бойынша тоқсандығына баға шықпай қалған жағдайда, мектеп әкімшілігі көмекке келіп, мектеп қаржысынан қаржы бөліп, мұғалімнің қосымша сабақ жүргізуіне мүмкіндік жасау керек. Әкімшілік тарапынан аттестациялық қағаз беріледі.

39. 1 – категориялы оқушы әр пән бойынша 3 сабақ қана босата алады. Егер де одан көп сабақ босатса, мектеп әкімшілігінің келісімімен емтихан тапсырады, болмаса тоқсандық баға да аттестацияланбаған болып есептеледі.

40. Осы қойған талаптар орындалмаса, әкімшілік комиссиясында қаралып, педконсилиумға шығарылу керек. Әр сабақ алдында пән мұғалімі міндетті түрде оқушыларды тексеру керек. Кезекші әкімшілік әр сыныптан күнделікті неше оқушының кешіккендігі, сабаққа қатысымы туралы ақпарат жинап отыруы керек. Оқушылардың сабаққа қатысымы туралы хабарлама екі аптада бір рет директордың орынбасары арқылы хабарланып отырады.

41. Негізгі жалпы және орта толық жалпы білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігімен бекітілген ережемен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын мектеп бітірушілерді міндетті қорытынды аттестациялық бағалаумен аяқталады.

42. Мектеп білім алушыларды аралық бағалау, нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауға дербес болады.

43. Жалпы білім беру бағдарламаларын толық игерген оқушылар келесі класқа көшіріледі. Бір пән бойынша академиялық қарызы бар оқушылар келесі шартты түрде мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша көшірілу мүмкін. Оқушылардың келесі жылы білімдеріндегі олқылықтарды жою жауапкершілігі олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдеріне жүктеледі.

44. Оқу жылының бағдарламасын игерген екі немесе одан да көп пәндер бойынша академиялық қарыздары бар, бастауыш және жалпы білім алу түрінде оқуды, жанұялық білімді қайтадан оқуды жалғастырады.

45. Мектеп-гимназия ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің қалауы бойынша жанұялық білім, өздігінен білім алу және экстернат түріндегі жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың бір бөлігін игеру үшін жағдай жасайды және көмек көрсетеді.

46. Мектеп-гимназияда оқу жылы қыркүйек айының бірінші жұлдызынан басталады, егер де бұл күн жексенбіге келсе, одан оқу жылы одан кейін

қоғамның шығармашылық қуатын дайындау, оқушының жеке тұлғасын, ар-намысын қадірлеу, оған сену, оның жеке мақсаттары мен мүдделерін қолдау.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру реттері Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес анықталады.

8. Мектеп оқушылары, олардың құқығы және міндеттері

55. Білім беру істерінің қатысушылары, олар оқушылар, мектептің педагогикалық қызметкерлері, оқушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері болып табылады.

Жаңадан келген әрбір балаға жеке іс-қағазы толтырылып, ол аталмыш мектепке оқушының білім алуының барлық мерзімінде толтырылып отырады және сақталады. Басқа мектептен ауысып келген оқушылар жеке арыз, жеке іс-құжат, дәрігерлік анықтама және басқа да білім беру мекемесінен келгендігі туралы құжат негізінде қабылданады.

56. Оқушылар мектеп-гимназияның ішкі тәртіп ережесі мен Жарғысын орындау, қоғамдық өміріне, пайдалы еңбекке белсенді қатысуға және білім бағдарламасын ерікті меңгеруге міндетті.

57. Мектеп-гимназия оқушыларына мемлекеттік жалпы білім беру стандарты шегінде ақысыз білім алуға кепілдік беріледі. Мектеп-гимназия оқушыларына ұлты, жынысы, тілі, жасы, денсаулық жағдайы, әлеуметтік, мүліктік және лауазымдық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі, мекен-жайы, дінге қатынасына және нанымына тәуелсіз білім алуына кепілдік беріледі.

58. Мектеп-гимназия оқушыларына мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға, қосымша білім беру қызметтерін алуға, өзін-өзі басқару кеңесі және басқа да қоғамдық ұйымдар арқылы оқушылар ұжымын басқару істеріне қатысуға, ар – ождан бостандығына, жеке адам мүддесіне қол сұқпаушылыққа, өзінің пікірін және білімін әділ бағалау сеніміне құқығы бар.

Оқушылардың мемлекеттік және білім беру стандартына сәйкес, қосымша ақылы білім беру қызметін пайдалануға, өзін-өзі басқару кеңесі және басқа да қоғамдық ұйымдар арқылы мектеп оқушылар ұжымын құруға қатысуға жеке басы құқығына қол сұғылмауына және еркін білдіруге, білімнің әділ бағалануына көз жеткізуіне құқығы бар.

Оқушыларды қоғамдық саяси ұйымдарға, қозғалыстарға мәжбүрлеп кіргізуге, сонымен қатар оларды осы ұйымдардың жұмысына мәжбүрлеп тартуға және үгіттеу компаниялары және саяси ағымдарға мәжбүрлеп қатыстыруға жол берілмейді. Оқушылардың білім беру бағдарламасын тиісінше жүзеге асыратын басқа білім беру мекемесінің келісімімен және бағалаудан сәтті өтсе ауысуына құқығы бар.

59. Мектеп-гимназиядағы оқу-тәрбие істері оқушылардың денсаулық жағдайын есепке ала отырып жүзеге асырылады. Мектеп-гимназияда сырқаттанудың алдын алу, денсаулықты нығайту, денесін жетілдіру, тәрбиеленушілерді салауатты өмір салтына тәрбиелеуде қажетті шараларды орындау қамтамасыз етіледі.

60. Мектеп-гимназия оқушылары білім беру бағдарламаларына өз еркімен мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде және одан жоғары көлемде

меңгеруге және мектептің өміріне және қоғамдық пайдалы еңбекке белсенді қатысуға, мектептің ішкі тәртібінің ережесін және жарғысын орындауға міндетті. Жоғарыда баяндалған құқықтарды жүзеге асыру қоғамдық тәртіпті бұзушылық, ізгілік нормалары және денсаулықты қорғаудың басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтары нормаларын бұзумен үйлеспейді.

61. Мектеп-гимназия оқушыларының міндеттері:

- мектептің кеңесімен және оның жарығымен бекітілген оқушыларға арналған ережелерді сақтау;
- педагогтардың негізделген талаптарына бағыну;
- класта және жұмыс орнында тазалық сақтау, мектептің мүлкін ұқыпты ұстау;
- кішкентайларға қамқорлық жасау;
- салауатты өмір салтын жүргізу, мәдени деңгейін көтеру, қоғамға жат әрекеттердің көрініс алуына шыдамсыздықпен қарау;
- денсаулығын нығайту, дене тәрбиесімен айналысу, өзін белсенді ғылыми жұмысқа дайындау.

62. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-1 тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14-қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген «Орта білім ұйымдарында міндетті форма қойылатын талаптары» бойынша «№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекеме оқушыларының міндетті формасы (бұдан әрі –мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді.

1. Мектеп формасы күнделікті және спорттық болып бөлінеді.

2. Күнделікті мектеп формасы ұл балаларға: қою көк түсті костюм, жилет, шалбар ақ түсті жейде, көк түсті галстук.

3. Күнделікті мектеп формасы қыз балаларға: қою көк түсті костюм, жилет, юбка, ақ түсті жейде, ақ түсті бантик, көк түсті галстук.

4. Спорттық мектеп формасы ұлдарға және қыздарға: спорттық шалбар, куртка, ақ түсті футболка, спорттық аяқ – киім.

63. Оқушыларға тиым салынады:

1. қару, спирттік ішімдіктер, темекі өнімдерін, токсикалық және наркотикалық заттарды әкелуге, білім алуға кедергі келтіретін басқа да құралдар әкелуге, басқа біреуге беруге, қолдануға;

2. қарым-қатынасты шешу үшін, қорқытуға, күш қолдануға;

3. итеру, бір нәрсені лақтыру, қорқыту арқылы талап ету, жүгіру, зорлық жасау сияқты айналадағыларға қауіпті кез-келген әрекеттер істеуге;

4. жарылысқа және өртке әкеліп соқтыратын кез - келген заттарды қолдануға;

5. мектепте кез-келген діни конфессияға қатынасын білдіретін діни киімдерді (хиджап, никаб, бурка, паранжа, сикх тюрбандары және иудей кипа-бас киімдері, кимешек, орамал тағуға және т.б) және кез-келген діни атрибутикаларды (белгілерді) киюге тыйым салынған.

Қарулар:

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б.);

- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;

- атыс қаруының көздеуіштерден басқа); құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар
- газды қару;
 - пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
 - сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
 - шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
 - арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құралдар;
 - жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
 - мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
 - атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
 - травматикалық және жарық-дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
 - электрошокты құрылғылар.

Қадалғыш/ кескіш қарулар мен өткір заттар:

- балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);
- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;
- бұрандылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктелмелі жолға арналған пышақтар;
- бекіністік құрал-саймандар.

64. Мектеп-гимназия оқушылар ұжымының жұмысы мектеп-гимназия кеңесімен ұйымдастырылады. Оқушылар кеңесінің жұмысы оқудың сапасын көтеруге, тәрбие жұмыстарын арттыруға, оқушыларға қатысты қаржы мәселелерін шешуге, мектептің материалдық – техникалық базасының сапалығына, пайдалы еңбекке, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған. Мектеп оқушылар кеңесінің шешімі егер ол Қазақстанның білім беру саласындағы заңдылықтарына және осы жарғыға қайшы келмеген жағдайда барлық оқушылардың міндетті орындау сипатын береді.

Мектеп-гимназия оқушылары өзіне-өзі қызмет көрсетуге және қоғамдық пайдалы еңбек түрлеріне жасы, жынысы, дене мүмкіндіктеріне қарай денсаулықтарын қорғау және тазалық талаптарымен нормалары мен қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау мектеп-гимназия әкімшілігіне,

дәрігерлік қызметкерге, мұғалімге, класс жетекшілерге, мектеп-гимназия кеңесіне жүктеледі.

Оқушыларды қоғамдық тапсырманы орындау, спорттық және басқа да шараларға қатысу үшін сабақтан босатуға мұғалімдерге және оқушылардың пікірлерін есепке ала отырып, мектеп-гимназия әкімшілігінің рұқсатымен белгілі бір жағдайларда жол беріледі, туристік саяхаттар және экскурсиялар директордың бекіткен мерзім ішінде педагогикалық қызметкерлердің басшылығымен өтеді.

65. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жастарды өндірістік еңбекке баулуға олардың денсаулығына және сабақ уақытынан тыс тәрбие ісіне кедергі келтірмейтін, жасы 14-ке жеткен жағдайда олардың ата-аналарының біреуінің немесе оларды алмастырушылардың келісімімен жұмысқа алуға және еңбекке тартуға жол беріледі.

16 жасқа толмаған оқушылар үшін демалыс уақытындағы жұмыс кезінде жұмыс уақытын қысқарту белгіленеді. Жұмыс жасайтын оқушылардың оқу жылы барысында сабақтан бос кездегі жұмыс уақытының ұзақтығы жастарына сәйкес нормадан аспауы керек.

Ата-аналар (оларды алмастырушы тұлғалар) құқылы:

6.баланың мүдделерін және заңды құқығын қорғауға;

7.оқу түрін таңдауға;

8.басқару жұмыстарына ата-аналар комитеті арқылы қатысуға;

9.оқушының үлгерім бағасымен және тәртібімен сондай-ақ, білім беру жүйесінің мазмұнымен және барысымен танысуға;

10.білім беру істерін реттейтін мекеме жарғысымен және басқа да құжаттармен танысуға;

11.оқушылардың білім алуындағы қиындық келтірген, қиындық туғызған мәселелер туралы кеңестер алуға.

Ата – аналар /оларды алмастырушы тұлғалар/ міндетті:

12.өз баласын тәрбиелеуге және оқытуға, дені сау болуына және өмір қауіпсіздігіне жағдай жасауға;

13.олардың ой-өрісінің және тұлғасының дамуын, адамгершілік қасиетінің қалыптасуын қамтамасыз етуге;

14.мектеп алды даярлық тобында болуын қамтамасыз етуге;

15.баласының мектептегі сабақтарға толық қатысуын қамтамасыз етуге;

16.отбасында үйден оқыту түрін ұйымдастыруға міндетті; /білім алушы кез келген уақытта өз мектебінде білімін жалғастыруға құқылы/

17.оқушылардың академиялық бережақтарын жоюын қамтамасыз етуге;

18.мектеппен бірлесе отырып жұмыс істеуге және ата-аналар жиналысына қатысуға; Мекемедегі тәртіп оқушылардың, мұғалімдердің адамдық ар-намысын аяққа баспау негізінде қолданылады. Оқушыларға қол жұмсау және ар-намысын тию әдістерін қолдануға тиым салынады.

19.Мекемеге жарғыда бекітілген қызметтердің мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін қызметтермен айналысуға, сондай-ақ келісімдер жасауға тыйым салынады.

20.Мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Тиісті

саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

21. Мекеменің жарғыдан тыс әрекетін жүзеге асыруға бағытталған басшының іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік шаралар мен материалдық жауапкершілікке тартылады.

9. Мекемені басқару

66. Мекеменің құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеменің құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы туралы шешім қабылдайды;
- 2) Мекеменің Жарғысын бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

67. Мекеменің мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңдылықтармен бекітілген мына функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

68. Мекемені басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

69. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңдылықтармен бекітілген мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді.
- 2) Мекемені басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және мерзімін анықтайды;
- 3) Мекеменің мүлкін сақтауға бақылау жасайды.
- 4) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтайды;
- 5) Мекеменің құрылымын және штаттық саны шегін бекітеді;
- 6) Мекеме басшысының ұсынысымен оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және босатады;
- 7) Жылдық қаржылық есепті бекітеді;
- 8) Уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келісім береді;
- 9) Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның келісімімен Мекеменің қайта құрылуы мен таратылуын жүзеге асырады.
- 10) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

70. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын құру арқылы тиісті саланың уәкілетті органымен тағайындалады.

71. Мекеме басшысы басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының

заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

72. Мекеме басшысы Мекеме қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес:

- 1) Мекеме мүлкінің сақталуына және қаржы-шаруашылық қызметіне дербес жауап береді;
- 2) Мекеме атынан сенімхатсыз барлық органдарда оның мүддесін білдіреді, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік» туралы Заңы шегінде мекеме мүлкіне иелік етеді, келісім шарттар жасасады, кепілхаттар береді, банктік есеп-шоттар ашады және басқа да әрекеттерді жүзеге асырады. Мекеменің барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді;
- 3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, келісім-шарттарды бұзады, ынталандырады, Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келетін жағдайларда шара қолданады;
- 4) Мекеме қызметкерлерінің міндеттері мен құзырларын белгілейді;
- 5) Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын қабылдауға бағытталған директордың тікелей жауапкершілігімен белгіленетін шаралар қабылдайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, осы Жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

73. Мекемені басқару Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» заңдарына және орталық атқарушы органдар, жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті органдар, білім басқармасының жергілікті органдарының қаулыларына, нұсқаулықтарына, өкімдеріне, бұйрықтарына, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

74. Мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

75. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

76. Мекеменің қызметі облыстық бюджетінен қаржыландырылады.

77. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

78. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Тиісті саланың уәкілетті органы және өзге де органдары жүзеге асырады.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

79. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

- Мекеме қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі ҚР Заңдарына көрсетілген тәртіппен анықталады.

- Мекеме жұмысқа қабылдау тәртібі Еңбек заңнамасында бекітілген жеке еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

- Қызметкерлердің еңбекақысы мен лауазымдық төлемақылары олардың біліміне, жұмыс стажына және біліктілік санатына сәйкес белгіленеді.

- Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне айлық жалақыны есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру ұйымдары үшін – штаттық кесте бойынша.

- Мектептің еңбек ұжымының мүшесі сонда тұрақты жұмыс жасайтын адам болып табылады. Мектепте педагог жетекші роль атқарады, оның міндеттері:

- мектепте қабылдаған ішкі тәртіп Ережелері мен Жарғыны сақтау, мектеп әкімшілігінің жалпы жиналысының шешімін орындау;

- өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

- білім алушыларды жоғары адамгершілік рухында ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

- білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

- өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

- бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

- педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;

- оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Педагог өз міндеттері мен этика нормаларын бұзғаны үшін ҚР заңдары мен еңбек келісім-шарттары бойынша жауапқа тартылады.

80. Педагог қызметкерлер:

- кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;

- ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

- жеке педагогтік қызметке;

- тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

- білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

- ұзақтығы төрт айдан аспайтын, бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;

- санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

- педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;

- өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

- әскери қызметке шақырылу мерзімінің кейінге қалдырылуына;

- ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік стажы сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;

- білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға құқығы бар.

81. Мектептегі педагогтар арасынан директор класс жетекшілерін тағайындайды.

82. Сынып жетекшісі қызметінің міндеттері:

1) сынып активін қалыптастыру;

2) әр білім алушының тұлғасын дамыту, өзін-өзі таныту, оның әлеуеттік қабілеттерін ашу және қайталанбастығын сақтау үшін қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

3) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

4) сыныпта білім алушылармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру;

5) тұлғаның шығармашылық, рухани, табиғи мүмкіндіктерін дамыту;

6) салауатты өмір салтына ынталандыру;

7) оқушыларда адамгершілік-өнегелік және рухани қасиеттерді қалыптастыру, толеранттылыққа баулу;

8) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

9) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

10) Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

11) оқушылардың бойында ұжымдық пен басқаларға жауапкершілік, және сезімдік, достық тұрғысынан топта жұмыс істеуде қабілеттілігін қалыптастыру;

12) балаларға арналған қауіпсіз ортаны қалыптастыру.

83. Мектеп қызметкерлеріне еңбек келісім-шарт бойынша өздерінің функционалдық міндеттері мен жұмысын атқарғаны үшін еңбекақы төленуіне кепілдік беріледі.

84. Мектеп қызметкерлерінің еңбек келісім-шартында қарастырылмаған басқа жұмыстар мен міндеттерді атқарғандары үшін қосымша келісім бойынша ақы төленеді. Педагогтерге қосымша міндеттер тек директордың бұйрығымен жүктелуі мүмкін.

85. Мектептің жеке меншігіне зиян келтіргені үшін еңбек ұжымының мүшелеріне заңда көзделген тәртіппен материалдық жауапкершілік жүктеледі.

86. Жарғы және ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғаларға еңбек ұжымының жиналысымен немесе директормен тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

87. Педагог қызметкердің мінез-құлық нормаларын немесе осы Жарғыны бұзғаны үшін тәртіптік тергеулер тек олардың атына түскен жазбаша түрдегі арыз негізінде жүргізіледі. Арыздың көшірмесінің біреуі педагог қызметкерге берілуі тиіс.

88. ҚР-ның Заңнамаларында көзделген тәртіп бойынша мектеп жауапкершілікте болады, егер:

- мектеп құзырына кіретін істер атқарылмаса;
- оқу жоспары және оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде жүзеге асырмаса;
- өз бітіруші түлектерінің білімі сапасы үшін;
- мектеп жұмысшылары мен оқушыларының оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы үшін;
- мектеп оқушылары мен қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтары бұзылса;
- мемлекеттік мүлікті тиімді қолданбаса және сақтамаса;

12. Еңбек және оның төлемдері

89. Мекеменің қызметкерлері мен Әкімшіліктің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес анықталады.

90. Мекеме жұмысшыларының еңбек ақы төлемінің қоры құқықтық-нормативтік актілер және мемлекеттік мекеменің жұмысшыларына төленетін еңбек ақысының тәртібі негізінде орындалады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсан 2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметкерлердің, мекеме жұмысшыларының мемлекеттік бюджеттен төленетін ақыларын төлеу жүйесі туралы» бұйрығына сәйкес лауазымдық төлемдері, тарифтік ставкалар мен қосымша төлемдер анықталады.

91. Еңбек режимі (кезеңі) еңбек заңнамасында қарастырылған кепілдік бойынша бекітіледі.

92. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Мекеме мен жұмысшылар арасындағы қатынас келісім-шартпен және онда көрсетілген құқығы мен міндеттемесімен бекітіледі.

13. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

93. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

94. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

95. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

96. Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілгендей, қайта құрылған және жойылған мекеме жұмысшыларының құқықтары кепілдендіріледі.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

97. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.